

Күндізгі білім беру нысандарында оқитындарға және тәрбиеленушілерге қала ішіндегі қоғамдық көліктерде (таксиден басқа) женілдікпен жол жүру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2012 жылғы 7 наурыздағы N 2/7 шешімі. Қарағанды облысы Теміртау қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 13 сәуірде N 8-3-138 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2012 жылғы 13 маусымдағы N 5/9 шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2012.06.13 N 5/9 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңының 6 бабы 4) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес келтіру мақсатында, Теміртау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Теміртау қаласы және Ақтау кенті күндізгі білім беру ұйымдарының женілдік санаттағы оқитындарға және тәрбиеленушілерге (жазғы каникулдарды есептемегендеге) қала ішіндегі қоғамдық көліктерде (таксиден басқа) женілдікпен жол жүргүре құқығын растайтын құжаттар бар болғанда женілдікпен жол жүру б е л г і л е н с і н :

1) жалпы білім беретін оқу орындарының біріншіден сегізінші сыныпқа дейінгі оқушыларына - тегін жол жүру;

2) жалпы білім беретін оқу орындарының, кәсіби лицеілердің тоғызыншыдан он бірінші сыныпқа дейінгі оқушыларына, колледждер оқушыларына (тоғызыншы сынып базасында оқитындарға, бірінші және екінші курс оқушыларына) тиісті тарифтің 50 % төлеу;

3) кәсіби лицеілерде, колледждерде (он бірінші сынып базасында оқитын) және меншіктің барлық түріндегі жоғарғы оқу орындарының күндізгі нысанында оқитын тұлғаларына тиісті тарифтің 50 % төлеу.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Сессия төрағасы

B. Дмитриев

Мәслихат хатшысы

B. Свиридов

КЕЛІСІЛДІ

*"Теміртау қаласының білім беру,
дene шынықтыру және спорт бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
Б. Р. Рахимова*

7 наурыз 2012 жылы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК